

ISSN 2310-3353



«А. БАЙТҰРСЫНОВ  
АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ Өңірлік  
УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ



# ҚМПИ ЖАРШЫСЫ

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ  
НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

№ 2  
2023



**PUBLISHINGS**  
**K S P I**



**Қ М П И**  
**ЖАРШЫСЫ**

**ВЕСТНИК**  
**К Г П И**

2023 ж., сәуір, №2 (70)  
Журнал 2005 ж. қаңтардан бастап шығады  
Жылына төрт рет шығады

**Құрылтайшы: А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті**

**Бас редактор: Қуанышбаев С. Б.**, география ғылымдарының докторы, А. Байтұрсынов атын. ҚӨУ, Қазақстан

**Бас редактордың орынбасары: Жарлығасов Ж.Б.**, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, А. Байтұрсынов атын. ҚӨУ, Қазақстан

#### **РЕЦЕНЗЕНТТЕР**

**Березнова Е.В.**, педагогика ғылымдарының докторы, ММХҚИ СИМ, Мәскеу қ., Ресей

**Жаксылыкова К.Б.**, педагогика ғылымдарының докторы, Қ. Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің профессоры, Қазақстан

#### **РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ**

**Амирова Б.А.**, психология ғылымдарының докторы, Е.А. Букетов атын. ҚарМУ, Қазақстан

**Благодарзумная О.Н.**, экономика ғылымдарының кандидаты, Молдова Халықаралық Тәуелсіз Университетінің доценті, Молдова

**Доман Э.**, лингвистикалық ғылымдар докторы, Макао университеті, Сидней, Австралия

**Елагина В.С.**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ООМГПУ, Ресей

**Жилбаев Ж.О.**, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы президенті, Қазақстан

**Кайе Ж.**, философия ғылымдарының докторы, Виа Домисия Университетінің профессоры, Перпиньян қ., Франция

**Катцнер Т.**, Батыс Вирджиния Университетінің профессоры, PhD докторы, АҚШ, Батыс Вирджиния

**Кульгильдинова Т.А.**, педагогика ғылымдарының докторы, Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ-нің профессоры, Қазақстан

**Марилена Сантана дос Сантос Гарсия**, лингвистикалық ғылымдар докторы, Сан-Паулу Папа католик университеті, Бразилия

**Монова-Желева М.**, PhD докторы, Бургас еркін университетінің профессоры, Болгария

**Чаба Толгизи**, Венгрияның Сегед Университеті экология кафедрасының ғылыми қызметкері, Венгрия

Тіркеу туралы куәлік №5452-Ж

Қазақстан Республикасының ақпарат министрлігімен 17.09.2004 берілген.

Мерзімді баспа басылымын қайта есепке алу 29.03.2021 ж.

Жазылу бойынша индексі 74081

#### **Редакцияның мекен-жайы:**

110000, Қостанай қ., Тәуелсіздік к., 118

(Ғылым және коммерциализация басқармасы)

Тел. (7142) 54-58-74 (160)

© А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті

## ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ САРАПТАМАЛЫҚ-ШОЛУ ЗЕРТТЕУЛЕР ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ И ОБЗОРНО-АНАЛИТИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ

ӘОЖ 811.512.122

**Бекбосынова, А.Х.,**  
филология ғылымдарының кандидаты  
қауымдастырылған профессор м.а.  
**Айтқазы, Ә.А.,**  
«БВ01701- Қазақ тілі мен әдебиеті»  
оқу бағдарламасының 2 курс студенті  
А.Байтұрсынов атындағы  
Қостанай өңірлік университеті,  
Ө. Сұлтангазин атындағы  
педагогикалық институты  
Қостанай қ., Қазақстан

### ШАЛ АҚЫН ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ӘЙЕЛ-АНА ТАҚЫРЫБЫ

#### Түйін

*Шал ақын шығармашылығында әйелдер тақырыбына арналған біршама өлеңдер орын алған. «Жақсы» мен «жаман» қыздар, келіндер, әйелдерді суреттеуде Шал ақынның өзіндік ерекшелігі байқалады. «Қатын» сөзінің мағынасы өлең жолдарындағы мысалдармен тереңінен ашылып талданады. Ақынның айтпақ ойы – қыз баласына дұрыс пен бұрысты ажыратып, қыз баласына тән игі қасиеттерді түсіндіру, болашақ жар – берекелі отбасының ұйытқысы деген идеяны алға тарту.*

***Кілт сөздер:** Шал ақын, қыз, келін, қатын, жақсы, жаман, дау, үй, шаңырақ.*

#### 1 Кіріспе

##### Жұмыстың өзектілігі

Асыл өлеңді шығарып, ауызша тарататын замандаақын есімін елге тарататын да, есімін өшпестей ел жадында сақтайтын да бір-ақ нәрсе. Ол – ақынның ақындық беделі. Ақын өз шығармалары арқылы халықтың мұң- зарын, күйінішін суреттеп, қоғамдағы болып жатқан жайттарды ортаға салады. Шал ақын өлеңдерінің мазмұны әрқилы, бірақ ондағы өзекті мәселе шаңырақ ұйытқысы – әйел туралы. Қыз баласы қай заманда болмасын сынға көп ұшырайтыны белгілі, бұл сындардан аулақ болу үшін ақын өз шығармаларында қыз баласын жақсы мен жаман мінезді ажырата білуге, өз отбасының беделін нық ұстап тұру үшін жасалатын ізгі қасиеттерге үндейді. Мақалада «қатын» сөзінің мағынасы әр қырынан ашылып, Шал ақынның өзіне ғана тән қолтаңбалық ерекшелігі талданады.

##### 2 Материалдар мен әдістер

Мақала жазу барысында Шал ақынның әйелдер тақырыбында жазған өлеңдері қолданылды. Халық арасында әйелдерге қатысты жиі айтылатын мақал-мәтелдер негізге алынды, «қатын», «кіс қатын», «қыналы бармақ» сынды сөздердің мағынасы ашылды. Есім Ғарифолланың «Тұлғалар–қаламгерлер» кітабы, А. Тоқтабай мен Т. Жұртбай берген анықтамалар тақырыпқа қатысты мәселелердің басын ашып талқылауға негіз болды.

##### 3,4 Нәтижелер мен талқылаулар

Қай заманда болмасын отбасының ұйытқысы, ошақ басының патшайымы – қыз, келін, әйел-анатақырыбы әрқашан өзекті. М. Әуезовтің «Ел болам десең, бесігінді түзе» деген сөзі болашақта бесік тербейтін қыз баланың тәрбиесіне ерекше көңіл бөлу керектігінентуған. Себебі, «қыз бұзылса, ел бұзылады» дейді халық даналығы. Қыз баласы біреуге келін,

біреуге жар, біреуге жеңге, енді біреуге ана болады. Ата-ана қыз баласына тал бесіктен үлгі көрсетіп, сыйластықтың, дұрыс ниеттің не екенін ұғындырып, ең алдымен өз мінін түзеп, дұрыс жүріп-тұруы керектігін үнемі ескертіп отырады. Ата-ана қыз бала тәрбиесіне үлкен мән берген. Ол – болашақ жар, ана, әже. Ұрпақ тәрбиесі осы нәзік жанды қыздарымыздың қолында екенін ескерген аналарымыз қызды «қырық үйден тыйған», бөтен үйге қондырмаған. Халықта «қыз бұзылса, ел бұзылады» деген сөз бар, яғни, ел тағдыры мен тазаабыройы тікелей әйел затының тәрбиесіне байланысты, ал бұл абыройға жауапты адам бұзылса, ел де құриды деген сөз.

XVIII ғ. өмір сүрген Шал ақынның өлеңдерінде әйел-ана образы жан-жақты ашылған. Ақын он бестегі қыздан бастап, тұрмыс құрып жар атанған келін және жасы келіп егде тартқан аналарымыздың бейнесін өте әсерлі суреттермен аша білген. Шалақын өзінің «Қыз сыны» өлеңінде:

Ерімнің бір тұрманы үзеңгісі,  
Қыз он бесте келеді түзелгісі,  
Аяғын көр, асын іш деген сөз бар,  
Шешесін көр, қызын ал, сол белгісі

дей келе, қыз баланың әр жүріс-тұрысы, ыдыс-аяғының күйі, асының дәмі, бәрі-бәрі сынаудан өтіп анасының атына бір-ақ тиетінін айтқан. Әрине, әр адамның бұған байланысты түсінігі сан қилы. «Келін өмірі» атты сынақтан еш жаман атсыз өткісі келетіндер де, бұған қол сілтейтіндер де баршылық. «Шешесін көр, қызын ал, сол белгісі» өлең жолында, салақ келіннің кесапаты анасының бетіне таңба болып басылатыны, пысық келіннің жақсылығы анасының басына тәж болатыны айтылғандай.

Шал ақын қазақтың ақындық поэзиясының бастауында тұрған, өзі осы дәстүрдің көшбасшысы болып танылған, әрі алау жырлардың иесі. Шоқан Уәлихановтың қызыға оқып зерттеген жыршысы. Оның пайымдауынша Шал ақын – қазақтың шығу тегі бойынша барлық аңыздарды жиыстырып жыр еткен үлкен эпопея авторы, терең ой мен биік парасат иесі.

Шал ақын өз өлеңдерінің көбісін қыз баланы, оның ішінде келінді біраз сынға алып, дұрыс пен бұрысты ажырата білуге жол салған. Тақырыптарының көбісі салақ, долы қатындарға арналып, оларды бір шымшып алуға бағытталған. Өз өлеңдерінде «қатын» сөзін қолданған. Қазіргі таңда ерсі естілгенімен негізгі мағынасы ерге тиген, тұрмыс құрған *қызбаласы, қатын* деп атау құрметтеуді, мадақтауды білдіргендіктен ертеректе хандар мен ақсүйектер жарларын осылай атаған. Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат ат түрк» сөздігінде «Кіс – қатын» сөзіне *кісі алды* деген анықтама берілген. Бұған Есім Ғарифолла мынадан ой толғаныс айтады: «Сонда кісі дегеннің мәнісі, «ер адамның үйленуіне байланысты емес пе екен?» деген ойға қалдым. Әдетте, біз кісі, кісілік деген түсініктерді жиі қолданамыз, оған аксиологиялық мағына бере айтамыз. Адамшылығы мол жанды біз кісілікті адам дейміз. Адамның кісілігі айқын бояуға түсуі үшін, ең алдымен өмір тәжірибесі керек. Өмір тәжірибесі отбасынан басталмақ. Сөздіктегі мәніске қарасақ, ер кісі (әйел) алған соңбарып, кісілікке жетуі ықтимал. Осы тұста дүйім қазаққа белгілі, адамның үш жұрты туралы болуы керек, олар: өз жұрты (әкесінің), нағашы жұрты (анасының), содан кейін кіс алған соң қайын жұрты (әйелінің төркіні) болмақ. Осы үш жұрты бар адамның адамшылығы кісілігі арқылы көрінбек» [1,118]. Яғни, ерді кісі ететін қатын, ал осы атақты серігіне лайықты ететін де, еркерек деген атақ жалғайтын да сол бір қатын. «Жақсы әйел – жаман еркектің басын төрге сүйрейді, жаман әйел жақсы еркектің басын көрге сүйрейді» деген мақал осы өлең жолдарын толығымен суреттей алады.

Шал ақын өзінің «*Екі қатын*» өлеңінде «жаман» қатын мен «жақсы» қатынды салыстыра жырлайды:

Екі қатын алғанның дауы үйінде,  
Жаман қатын алғанның жауы үйінде,  
Жақсы қатын алғанның тойы үйінде,  
Жаман қатын алғанның соры үйінде.

Бұл өлең жолдарымен ақын не айтқысы келеді? Бұрынғы заманда бірнеше әйел алу әдепкі жағдай болған, қазіргі таңда бұл шамалы ерсілеу көрінеді. Бұл не себептен? Бірінші өлең жолындайтылғандай, Екі қатын алғанның үйінде дау күнделікті жағдайға айналып кетеді. Бір ас үйде екі басшы болмайды дегендей, ер адамның жүрегінің де бір иесі болу керек деген ұстаным дұрыс деп санаймын. Ия, бұрынғы кезде бір ер адамның басында екіден аса әйел болған, бірақ бұған да белгілі бір себептер бар. Ұлы Абай Хәкімнің бірнеше әйел алу себебі тек оларды қорғап қалу болатын, себебі ол кездегі әйел заты тек ас үй, ошақ шаруасымен ғана айналысып, қосымша табысы болмады. Қазіргі таңда әр әйел өз жағдайын жасауға күші жетеді. Сол себептен әр жүрекке бір ғана әмірші, әр ас үйге тек бір басшы болғаны дұрыс секілді. Өлеңнің келесі жолдары «жаман» және «жақсы» әйелді салыстырумен жалғасады. Ер адамның еш жауы болмаса да, өмірлік жолдасының кесепат мінезі мен салақтығы болса, оның өзі бір жаумен тең. Үй ішінде береке болмаса, әр күні ұрыспен өтсе, бұның өзі бір соғыс, бір шайқас. Ал «жақсы» қатын алғанның үйінде той, шаттық, жылы төсек, ыстық тамақ күтеді. Өлеңнің келесі шумағы мынадай:

Кез болса ер жігітке жақсы қатын,  
Жақсы қатын шығарар ердің атын,  
Жаман болса өз қылған істерімен  
Еріне қалдырады жаман атын.  
Жақсы сол ерін күліп шаттандырса,  
Атқарып тапсырмасын мойнынаалса.  
Ері жоқта күйзелтпей шаруасын  
Ағайын, көршілерін жадынаалса  
Сапардан ері келсе үйге кіріп,  
Жылы жүзбен қарсы алып қолын алса.

Ердің бақыты не соры өзінің таңдауынан. Жарының әр жақсылығын мақтап, ел алдында беделін көтеру, әрқашан жігерлендіріп, алға ұмтылуға ынталандыру – әйел затының өз отбасының берекесін сақтаудағы миссиясы. Қазір ел арасында айтылып жүргендей, ер адамның әр жетістігінің артында ақылды әйел тұрады. Еріне қаншалықты қолдау беріп, үй ішін де, отбасымен қарым-қатынасты да өзінің кіршіксіз таза ақ орамалындай ұстаса, шаңырақтарында еш бейберекетсіздік болмас.

Ендігі кезекте Шал ақынның «*Жақсы әйел бойын түзеп сылақтайды*» өлеңі мен «*Бақытыңа кез бопты долы қатын*» өлеңін салыстырсақ.

Жақсы әйел бойын түзеп сылақтайды,  
Өз байынан басқаны ұнатпайды,  
Үйіне мейман түссе хош келдің деп,  
Еш адамнан ұлықсат сұратпайды.  
Жаман әйел байымен ұрысады,  
Мейман келсе қабағы тырысады.

Бұл үйден шай ішкенмен оңбассың деп,

Мейман байғұс басқа үйге жылысады.  
Жақсы әйел дәулетіңе жөн келтірер,  
Әйелің долы болса күнде өлтірер,  
Жақсыдан жаман туған бала болса,  
Атаға үйде жатқан сөз келтірер.  
Жақсы әйел айтқан сөзді кектей қоймас,  
Осал жігіт әйелге беттей қоймас,  
Жауыз қатын қабаған ит сияқты  
Ер жігіттің түбіне жетпей қоймас.

Жақсы әйел өз ерінен басқа азаматтарды ұнатпайды және тек өз жұбайы үшін ғана сұлу көрінуге тырысады. Ондай жүзі жайдары, қолынан келмес дүниесі жоқ әйел бар шаңыраққа мейман келуге асығады. Ал мінезі шатақ әйелдер қонақты қарсы алу былай

тұрсын, өз күйеуіне ұрыста дес бермей сөз таластыруға асық. «Бір жаманның кесапатынан аққан дария құриды» дегендей, шаңырақтың ғұмыр бойы жинаған беделін бір қатынның долы мінезі мен ұрыс-керісі айрандай төгуі мүмкін. Ондай әйел бала тәрбиесіне де осал, үйде жатқан қарияға дейін ұрсып шығар, тұрмыс шаруасын реттей алмас. Шал ақын жауыз қатынды қабаған итке теңеп, сол ит секілді тістеп, сүйегін кеміріп, ерінің түбіне жетеді деген.

Жаман қатын образының сипаты «Бақытыңа кез бопты долы қатын» өлеңінде жалғасады:

Бақытыңа кез бопты долы қатын,  
Мұны алған ер жанжалға молығатын,  
Ұрысса бар адамды жеңбей қоймас,  
Бір үй түгіл бір ауыл торығатын.  
Өзінің кесапаты бастан асып,  
Ері де бір пәлеге жолығатын,  
Албастыдан дәу дию қашты дейді,  
Бұл үйге қонаалмаймын, пері қатын.

Қазақта «бәленің бәрі тілден» деген сөз бар, жоғарыда айтылғандай әйел тілі өте ащы, ұрысса жеңілмеу үшін аузына келгеннің бәрін айтады, оның тілінен шыққан у әрқашан еріне қайтпас таңба болып басылады. Оған қоса бұл пәле өз төркінінің бетіне сөзбен басылады. Ақын «долы қатынның» бейнесін өте өткір сөздермен аша білген. «Долы қатынның» кесапаты тек өзіне ғана емес, оның еріне, тіпті бүкіл ауылға тиген. Оның жаман мінезінен «дәу диюдың» қашуы осындай мінезді әйелдердің жағымсыз қылықтарын барынша аша түскен. Мінезі нашар әйелдің бейнесі *долы, албасты, пері* деген сөздермен берілген. Ақын мұндай қатын болудан аулақ болып, тілдің жұмысын үнемі ақылмен басқарып отыру қажет екенін айтады.

Шал ақын шығармаларының өзінде жақсы мен жаман әйелді салыстыру жиі қолданылады. Ол «*Әйел туралы*» өлеңінде өзінің ескі дәстүрі бойынша әйелдерді салыстырмалы түрде сипаттайды.

Қарауыл қана дейтін бір қатын болады:  
Таңертең тұрады,  
Түндікті оңынан ашады,  
Кетіп бара жатқанға көз салып,  
Өтіп бара жатқанды адал алады.  
Екінші әйел – қыналы бармақ дейтін:  
Аз нәрсені көптей қылады,  
Көп нәрсені көлдей қылады,  
Киіміне кір жұқпайды,  
Асына қылшық тұрмайды,  
Дүниесінің бәрі таза болады,  
Ерінің бары, жоғын білгізбейді.  
Ер егіз, еңбексіз жалғыз деген,  
Осы талайлы ердің қолына түседі.  
Үшінші – ашып атар, жатып ішер...  
Бастама етік көрпілдек,  
Сиыр жапасы сырпылдақ,  
Сормандай ерге жолығады.

Бірінші қатын қарауылдар секілді күннің шығуынан бұрын оянып, түндікті оңынан ашып, әр өткен адаммен сыйластықта амандасып шығады. Екінші қатынды «*қыналы бармақ*» деген. Бұл сөздің мағынасы түсіндірме сөздік бойынша бірнеше мағынада ашылған. Бірінші мағынасында – э т н. байырғы қазақ қоғамындағы ер адамның алған екінші әйелінің ел аузындағы аты [2]. Ал екінші мағынасында – он саусағынан өнері тамған ісмер, пысық, таза,

кірпияз [3]. Бұл өлеңде екінші әйел өте пысық, жинақы, тиянақты, әр ісі байыппен, тазалықпен жасалатын адам. Үшінші әйел салақ киген етігі көрпілдеп, қорадағы сиырын да салақтап, сормандай ерге жолығады дейді. Бұндай әйелмен өмір сүретін ердің де киімі кір қожалақ, аштан аш, түрі қашып жүреді.

Шал ақын өлеңдерінің ішінде әйелі мен жұбайының өмірінің соңына қарай болатын тұрмыс тіршілігі, бір-біріне деген ренішісипатталатын «Шал мен кемпірі» өлеңінде:

Шал:

Дүние ойлап тұрсам жалғаның-ай,  
Шынымен, жалған дүние, қалғаның ба-ай,  
Жауырыным құрысып, шаншып отыр,  
Келіп сипап жіберші, алғаным-ай!

Кемпірі:

Бұл дүние бәрімізден кетер өтіп,  
Қыз күнімнен болдым ғой сізге несіп,  
Айында да пайдаңды бір көрмеймін,  
Қайтемін бостан босқа қызмет етіп.

Шал:

Шал ақын Орта жүздің мен емес пе ем,  
Он бесте ұрғашыға кен емес пе ем,  
Мен саған жиырмада болдым жолдас,  
Құрытқан сонан бері сен емес пе ең?!

Кемпірі:

Ұшады көк ала үйрек көл дегенде,  
Қара су бал татиды шөлдегенде,  
Аузыңа келген сөзді ірікпейсің,  
Алжыған не жының бар сөз дегенде.

Шал:

Дүние қызық екен жасыңдағы,  
Барады өтіп дәурен басымдағы,  
Айына бір пайдамды көрмеген соң,  
Қасыма не қып келсін қатын-дағы.

Бұл шығармада шаңырақ ішіндегі реніш, түсініспеушілік, кішігірім дау суреттелген. Шал кемпірінен көмек сұрап еді, әйелі болсаоның бар кемшілігін бетіне баса қалды. Қазіргі кезде де осыған ұқсас түрлі жағдайлар тұрмыста жиі кездесіп отырады. Шаңырақ ұйытқысы мен отау иесі бір-бірін түсінбегеннен, жан айқайын естімегеннен, қарым-қатынастағы кемшіліктерді түзеуге тырыспағаннан отбасылар құрдымға кетуде. Бұл өлеңдегі әйел мұңын да түсінуге болады. Мүмкін жұбайының көңілі жетпегеннен бе, әлде басқа мәселеден бе, кім білсін? Айтуы бойынша Шал тек басқаларға ақыл айтумен, сөзбен істің орнын ауыстырып, әйеліне бір айда бір рет болсын пайдасы тимегеннен жүрегінде реніш бар. Қазіргі психолог мамандардың айтуы бойынша – «әйел өз жұбайының айнасы, өзіне қандай мейірім көрсе, дәл сол мейірімді екі есе көрсете алады». Бұл енді бөлек мәселе.

Шал ақын өлеңдері жоғарыдайтып кеткендей жақсы мен жаман әйелдерді салыстыруға толы. Байқағанымыздай ақын өз шығармаларында «әйел» сөзін көп қолдана бермеген, керісінші қазіргі таңда көп қолданылмайтын «қатын» сөзін қолданған. Лингвист ғалым Рахманқұл Бердібаев «Кенес дәуірінде қазақ тілінің 18 мың сөзі бұрмаланған, яғни мән-мағынасы өзгерген» депті. Осындағы мәні өзгеріп, мағынасы ауысқан атаудың бірі – қатын сөзі. Бұл термин ертедегі Түркі қағанаты кезінде билеушіден кейінгі екінші тұлға – оның сүйікті жарына берілетін құрметті атақ екен» [4]. «Этнограф-ғалым Ахмет Тоқтабай: «Қатын сөзі – қағанның жәрдемшісі, елдің ұйытқысы немесе анағұрлым кең мағынада «Ел анасы» дегенді білдірген» десе, Қ.Сартқожа, ежелгі түркілер қағанның бас бәйбішесін «қатын» деп атап, оның қызметшілерін «қалаш» деген, қазіргі қолданыстағы «қатын-қалаш» тіркесінің

түбі осында жатыр, дейді» [4]. «Бүгінгі әдеби тіл айналымындағы «әйел» ұғымының араб тіліндегі мағынасы – күнсі, яғни бас еркі жоқ, еңбегіне ақы төленбейтін, басыбайлы үй салмасы дегенді білдіреді. Кеңестік теңгерме саясат тұсында бойына көне тәрбие мен әдеп сіңбеген белсенді қазақ әйелдері: «біз меншік иесі – қатын емеспіз, мал-мүліксізбіз, басыбайлы крестьянкалар сияқты біз де әйелдерміз» деп таптық астар беріп, содан бастап «әйел» ұғымы жазба әдеби тілдік термин ретінде қалыптасып қалды» дейді алаштанушы ғалым Т.Жұртбай [3]. Ата-анасына еркелеп, үйінің берекесі мен шаттығының иесі болып жүрген кешегі ерке қыздар, өз туған үйін тастап, жаңа отбасыға келін болып түсіп, әр адамның көңілінен шығуға тырысып қас қабағын бағып жүреді. Түскен жерінің сынына түсіп, өз анасының атына кір келтіріп алмайын деген ниетпен үндемей жүріп бар шаруаны тындыруға ниеттенеді. Сол шаңырақтың берекесін келтіріп, ұрпағын жалғастыратын да қыз баласы. Шал ақын қыз баласын құрметтегені соншалық мінезі шатақ, долы, кесапаты тиер келіндерді «әйел» емес, «қатын» деп атап, қандай болса да қыз баласының мәртебесі жоғары екенін көрсеткен. Қорыта келе айтпағымыз, «қатын» сөзі қазіргі заманда құлаққа ерсі естілгенімен, бұл сөздің мағынасы терең, дәстүрге бай. Кеңес дәуірінде талай дәстүріміз ұмытылып, сөздік байлығымыз азайып, талай сөздеріміздің мағынасы өзгеріпті, бірақ бұл тарихты жандандыруға үлкен мотивациядай болу керек.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Есім Ғарифолла «Тұлғалар–қаламгерлер» – Астана «Фолиант» баспасы, 2013. – 420 бет.
- 2 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 10-том. / Құраст.: М.Малбақов, Н.Оңғарбаева, А.Үдербаев және т.б. – Алматы, 2011. – 752 б.
- 3 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 2-том / Құраст.: Ғ.Қалиев, С.Бизақов, О.Нақысбеков және т.б. – Алматы, 2011. – 744 б.
- 4 <https://alashainasy.kz/society/katyin-degen-kadrl-soz-135843/>
- 5 Мұхтар Мағауин «Алдаспан». «Жазушы» баспасы, Алматы – 1971. – 277 бет.

**БЕКБОСЫНОВА, А.Х., АЙТКАЗЫ, А.А.**

#### **ОБРАЗ ЖЕНЩИНЫ-МАТЕРИ В СТИХАХ ШАЛ АКЫНА**

*В творчестве Шал акына появилось немало стихов, посвященных женской тематике. В описании “хороших” и “плохих” девушек, невест, женщин прослеживается своеобразие Шал акына. Значение слова “Катын” раскрывается и анализируется с примерами из стихотворных строк. Поэт говорит, что для девушек важно различать правильное и неправильное, объяснять добрые качества, которые присущи девочке, продвигать идею о том, что будущее-это основа благословенной семьи.*

**Ключевые слова:** Шал акын, девушка, невестка, катын, хороший, плохой, спор, дом, Шанырақ.

**BEKBOSSYNNOVA, A.KH., AITKAZY, A.A.**

#### **THE IMAGE OF A MOTHER-WOMAN IN THE POEMS OF SHAL AKYN**

*In the work of Shal Akyn, a lot of poems dedicated to women's themes appeared. In the description of “good” and “bad” girls, brides, women, the peculiarity of Shal akyn can be traced. The meaning of the word “Katyn” is revealed and analyzed with examples from poetic lines. The poet says that it is important for girls to distinguish between right and wrong, to explain the good qualities that are inherent in a girl, to promote the idea that the future is the basis of a blessed family.*

**Key words:** Shal akyn, girl, daughter-in-law, katyn, good, bad, dispute, house, Shanyrak.